

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің алюминий электролизіне арналған көмір-графит өнімінің жекелеген түрлеріне қатысты кедендік әкелу баждарының ставкаларын белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 19 наурыздағы № 32 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) алюминий электролизіне арналған көмір-графит өнімінің жекелеген түрлеріне қатысты кедендік әкелу баждарының ставкаларын белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай мазмұндағы 52С және 53С ескертпелермен толықтырылсын:

"^{52С} Кедендік әкелу бажының кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 19 наурыздағы № 32 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 30.04.2020 дейінгі аралықта қолданылады.";

"^{53С} Кедендік әкелу бажының кедендік құнның 5 (бес) % мөлшеріндегі ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 19 наурыздағы № 32 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 30.04.2020 дейінгі аралықта қолданылады.".

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 19 наурыздағы
№ 32 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік
--	--

СЭҚ ТК коды	Позицияның атауы		құннан пайызбен не евромен не АҚШ долларымен)
8545 19 000 0	--	өзгелері	5 ^{52C)}
8545 90 900 0	--	өзгелері	12,5 ^{53C)}

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК